



«Келісілді»

Ғылым департаментінің директоры

Қ.Ә.Омаров

2020 ж.



«Бекітемін»

Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры

Б.А.Прмантаева

2020 ж.

## Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Жас ғалымдар Кеңесі туралы ЕРЕЖЕ

### 1. Жалпы ережелер

1.1. Жас ғалымдар Кеңесі (Әрі қарай - Кеңес) Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің жанында жұмыс істейтін әрі тұрақты әрекет ететін Қазақстан Республикасының болашағын баянды ету үдерісіне жас ғалымдардың (40 жасқа дейінгі ғылыми қызметкерлер, мамандар, магистранттар, докторанттар, ғылым докторлары мен кандидаттары, ғылыми зерттеу жұмысымен айналысатын университет оқытушылары) белсенді қатысуына ықпал жасайтын, олардың қызметін үйлестіріп, күшін біріктіретін консультативтік- кеңесші орган болып табылады.

1.2. Кеңес қызметі Қазақстан Республикасы Конституциясы, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалары, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нормативтік құжаттары, университет Жарғысы және осы Ереже негізінде жүзеге асырылады.

1.3. Кеңес туралы Ережені және оның құрамын ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор бекітеді.

1.4. Кеңестің қазақ тіліндегі атауы - Жас ғалымдар Кеңесі (ЖҒК), ағылшын тілінде – The Council of young scientists (CYS), орыс тілінде – Совет молодых ученых (СМУ).

### 2. Кеңес қызметінің мақсаттары, міндеттері мен негізгі бағыттары

#### 2.1. Кеңестің мақсаттары:

- жас ғалымдарға кәсіби деңгейлерін арттыруда көмек көрсету;
- ғылыми әлеуетті дамыту және жас ғалымдардың шығармашылық мүмкіндіктерін іске асыру;
- ғылым саласының заманауи жетістіктерін насихаттау.

#### 2.2. Кеңестің негізгі міндеттері:

- университеттің жас ғалымдарының кәсіби өсуіне ықпал ету, жастардың ғылыми бастамаларын дамыту және жас ғылыми кадрларды университетте тұрақтандыру;
- университеттің ғылыми қызметін жетілдіру бойынша ұсыныс даярлау;
- жас ғалымдардың ғылыми қызметінің ұйымдастырылуына қаржылық қолдау көрсетілуіне және олардың Қазақстан мен шетелдерде өткізілетін түрлі ғылыми – зерттеу жобаларына, бағдарламаларға, ғылыми тағылымдамаларға, конкурстарға, ғылыми конференциялар мен семинарларға қатысуына ықпал ету;
- жас ғалымдардың ғылыми зерттеулеріне қолдау көрсететін ғылыми жобалар байқаулары, бағдарламалар мен қорлар туралы, еліміз бен шетелдегі ғылыми және білім беру орталықтары, сондай-ақ өткізілетін бейінді іс-шаралар (конференциялар, семинарлар) туралы ақпарат беру;
- ғылыми жобалар байқауы мен көрмелерін, ғылыми конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер ұйымдастыру және өткізу, жас ғалымдарға ғылыми зерттеулер әдістемесі мен әдіснамасын меңгеруге көмек көрсету және жас ғалымның ғылыми-техникалық және мәдени өсуіне ықпал ету;

-ғылыми -зерттеу жобалары мен бағдарламаларын жүзеге асыратын, оларға қолдау көрсететін мүдделі ұйымдар мен қорлармен байланыс жасау;

-ғылыми ұйымдар, институттар, жоғары оқу орындары жас ғалымдарының ғылыми зерттеулері мен әзерлемелерінің ақпаратты мәліметтер базасын құру;

-жас ғалымдарға зерттеу жұмыстарын жүргізуге, магистрлік, докторлық диссертациясын орындауға көмек көрсету;

-жас ғалымдарды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің және басқа да ұйымдардың сыйақыларына ұсыну; дарынды жас мамандарға магистратура мен докторантураға түсуге қолдау көрсету.

### 2.3. Кеңес қызметінің басты бағыттары:

-ғылыми өмірдің түрлі мәселелері туралы ректоратта, Ғылыми кеңесте ұсыныстар мен бастамалар көтеру;

-университеттің жас ғалымдарының заңды мүдделері мен құқықтарын қорғау;

-ғылыми конференциялар, семинарлар, ғылыми жұмыстар конкурстары мен көрмелерін, жас ғалымдардың кездесулерін, Қазақстан мен шетелдің ғылыми және білім беру орталықтарының жетекші ғалымдарының дәрістерін ұйымдастыру;

-инновациялық және енгізу орталықтарымен, ұйымдармен басқа да ғылыми-зерттеу жобалары мен бағдарламаларына қаржылық қолдау көрсететін (гранттар бөлетін) мүдделі ұйымдар мен қорлармен байланыс жасау;

-жас ғалымдардың ғылыми, қоғамдық және басқа да ұйымдарда мүдделерін қорғау;

-халықаралық, республикалық, аймақтық және басқа да жобалар мен бағдарламаларға қатысу;

-білім алушылардың (мектеп оқушылары мен университет студенттері, т.б.) ғылыми жұмыстарына жетекшілік ету.

### 2.4. Аталған қызметтерді іске асыру жолында Кеңес:

-қызмет саласына қатысты қолданыстағы заңнамаларды, университеттің Жарғысын, осы Ережеге сай нормаларды ұстанады;

-ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректорға өз қызметі туралы ақпараттарды жүйелі ұсынады және жылдық есепті тапсырады.

## 3. Кеңестің құрылу тәртібі

3.1. Кеңестің мүшесі осы Ережені мойындайтын 40 жасқа дейінгі университеттің жас ғалымдары (магистранттары, магистрлері, PhD докторлары, ғылым кандидаттары мен докторлары, оқытушылар, ғылыми қызметкерлер) бола алады.

3.2. Кеңес мүшелігіне әр факультет деканы және ғылыми құрылым басшысы тарапынан 1-2 адам (өкіл) ұсынылады.

Кеңес мүшелеріне қойылатын талаптар:

- ғылыми – педагогикалық еңбек өтілі 1 жылдан кем болмауы тиіс;

- қарым – қатынас жасай білу және ұйымдастыру қабілеттері, азаматтық ұстанымы, ғылыммен айналысуға құштарлығы болуы керек.

3.3. Кеңес мүшелігіне әр факультет және ғылыми құрылымнан ұсынылған өкілдері жылға сайланады. Олардың Кеңеске мүшелігі факультеттің, ғылыми құрылымның шешімімен тоқтатылуы немесе ұзартылуы мүмкін.

3.4. Кеңес мүшелері университет жас ғалымдарының жалпы жиналысында сайланады. Кеңес құрамы университеттің ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректормен бекітіледі. Кеңес өз қызметін ғылым және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті директорының тікелей жетекшілігімен атқарады. Кеңестің құрамы 25 адамнан тұрады.

3.5. Кеңес құрамынан оның мүшелері келесі жағдайларда шығарылады:

- оны ұсынған факультет, ғылыми құрылым кеңесінің шешімі бойынша кері шақыртылғанда;

- осы ережені бұзғанда;
- Кеңес шешімін орындамағанда;
- Кеңес құрамынан шығу туралы жазбаша өтінішін берген жағдайда.

3.6. Кеңес мүшелерінің құқықтары мен міндеттері бірдей.

Жас ғалымдар Кеңесінің төрағасы:

- Кеңес қызметін осы Ережеге сай басқарады;
- Кеңес мүшелері арасында міндеттерді бөледі;
- Кеңесті шақыру және оның кезекті отырысын өткізу мерзімі туралы шешім қабылдайды;

кабылдайды;

- Кеңес отырысын өткізеді;
- университеттің ғылыми-техникалық кеңесінің отырысына қатысады;
- Кеңестің жұмыс жоспарын және жұмысына қажетті басқа да құжаттарды,

отырыстардың күн тәртібін, хаттамасын бекітеді;

- Кеңес қызметі туралы жылдық есептің дайындалуына басшылық жасайды;
- университет ректоратымен осы Ережеге сай байланыс жасайды.

Төраға болмаған жағдайда Кеңес қызметіне оның орынбасары жауапты болады.

Кеңес хатшысы:

- Кеңес отырысының күн тәртібі жобасын жасайды;
- Кеңес отырысын өткізуді ұйымдастырады;
- Кеңес отырысының хаттамасын жүргізеді;
- Кеңес шешімін мүдделі тұлғаларға жеткізеді.

Кеңес мүшесі:

- Кеңестің басшы органдарын сайлауға және оған сайлануға;
- Кеңес отырыстарына қатысуға, бастама көтеруге, өз көзқарасын білдіруге;
- Кеңес қарарына ұсыныс енгізу және белгіленген регламентке сай қарастырылып

отырған барлық мәселелерді ашық талқылауға қатысуға құқылы.

Кеңес мүшесінің міндеттері:

- осы Ереженің талаптарын ұстану;
- Кеңес шешімдерін және өзіне жүктелген тапсырмаларды уақытылы орындау;
- өз қызметінде Кеңестің мақсаттары, міндеттері мен принциптерін басшылыққа алу.

#### **4. Кеңестің ұйымдық құрылымы**

4.1. Кеңес отырысы айына бір рет жоспарланады. Қажеттілік болған жағдайда кезектен тыс өткізілуі мүмкін. Өз мүшелерінің тізімдік құрамының жартысынан көбі қатысқан отырыстарда Кеңес шешім қабылдауға құқылы. Кеңес шешімі егер оған қатысушылардың 50 пайызынан көбі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі.

4.2. Кеңестің жылдық жұмыс жоспарын ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор бекітеді.

4.3. Кеңес төрағасы Кеңес мүшелері арасынан жасырын не ашық дауыс беру жолымен (Кеңес отырысына қатысушылардың 2/3 бөлігінің дауысымен) 1 жылға сайланады.

4.4. Кеңестің хатшысы Кеңес отырысында оның мүшелері арасынан көпшілік дауыспен (қатысушылардың 50 пайызынан астамы дауыс берсе) сайланады және Кеңес бекіткен күзірет аясында кеңес қызметін ақпараттық қолдауға жауапты болады.

4.5. Жас ғалымдар Кеңесі өз қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы. Кеңес төрағасы туындаған мәселелер бойынша өз шешімін ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректормен алдын ала келісіп алуға міндетті.

## 5. Университет және Жас ғалымдар Кеңесінің өзара байланысы

5.1. университет Жас ғалымдар Кеңесіне ұйымдық және материалдық-техникалық көмек жасап отырады.

5.2. Кеңес төрағасы университеттің Ғылыми Кеңесі және Ғылыми – техникалық Кеңесі құрамдарына енгізілуі мүмкін.

## 6. Кеңес қызметін қаржыландыру

Кеңесті қаржыландыру көздері: ғылыми зерттеулерді бюджеттік және гранттық негізде қаржыландыру, ғылыми жобалар конкурстары мен үкіметтік емес ұйымдардың қаржылары, университеттің арнаулы қаржысы есебінен.

## 7. Қорытынды

Жас ғалымдар Кеңесі туралы Ережеге өзгерістер енгізу немесе оның жұмысын тоқтату туралы ұсыныстар Кеңес отырысында қаралып, көпшілік дауыспен (Кеңес отырысында қатысушылардың кемінде 2/3 бөлігінің дауысымен) қабылданады немесе қайтарылады.

Осы Ереже Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

Ережені әзірлегендер:

Жас ғалымдар Кеңесінің төрағасы:

Н.И.Ақылбеков

Жас ғалымдар кеңесі төрағасының  
орынбасары:

А.Б.Арыстанбек